

«Бекітемін»  
№ 4 сәбілдер бақшасының басшысы  
А.Нұрпейісова  
«03» 2019



## №4 балабақшада балалар тамағын ұйымдастыру туралы ереже

### 1. Жалпы ереже:

1.1 Осы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы «Балалар мен жасөспірімдерге тәрбие және білім беретін объектілерге қатысты санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларды бекіту туралы № 1684 қаулысына сәйкес өзірленді.

1.2. «Білім туралы» Заңға, Типтік ережеге сәйкес тамақты ұйымдастырудың жауапкершілік білім беру мекеменің басшысына жүктеледі, балалар тамағын ұйымдастыруға қатысатын қызметкерлердің жұмысына бақылау жүргізеді (аз өзірлейтін бөліктің, қоймашы, емдемші, медбике, әдіскер, педагог қызметкерлер).

1.3. Осы ереже МДМ тәрбиеленушілерінің тамағын ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

### 2. Ас өзірлейтін бөлікте тамақты ұйымдастыру

2.1. МДМ тәрбиеленушілері 100 пайыз тәуліктік азықты қамтитын төрт рет тамақпен тамақтанады. Сонымен таңертеңгілік ас тәуліктік құнарлықтың 25 пайызын, түскі ас – 33 пайыз, бесіндік ас – 17 пайыз, кешкі ас – 25 пайызды құрайды.

2.2. Тамақтың көлемі мен шығыны қатаң түрде баланың жас ерекшелігіне сәйкес болуы тиіс.

2.3. МДМ тамақ мекеме менгерушісімен келісілген және бекітілген, тағам негізінің физиологиялық талаптары мен мектепке дейінгі жастағы балалардың тамақтану нормасының негізінде өзірленген, болжамды 10-күндей ас мәзіріне сәйкес жүзеге асырылады.

2.4. Болжамды 10-күндей ас мәзірдің негізінде келесі күні талапты-ас мәзірі құрылады және МДМ басшысымен бекітіледі.

2.5. 1,5-3 жас және 3-7 жас аралығындағы балалар үшін талапты-ас мәзірі жекелей құрастырылады. Сонымен қоса:

- жас ерекшелігіне сай әрбір топ үшін азық-түліктің орташа тәуліктік жинағы;

- осы топтар үшін тамақтың көлемі;
- физиологиялық қажеттіліктің нормасы;
- жылдық тамақтың шығымы;
- тамақты дайындау кезінде тағамның бірін-бірі алмастыру нормасы;
- тыйым салынған азық-түліктер мен тамақтарды қолдану асқазан-ішек ауыруларының туындауына, улануға әкелетін САН ПиН талаптары;
- азық-түліктердің құны мен болуы туралы мәліметтер саналады.

3.6. Асханадағы кезекшілік уақытында еңбек дағдысы мен өз еркімен жұмыс істеуге тәрбиелеуді қалыптастыру мақсатында тәрбиеші кезекшілер мен әрбір баланың жұмысын байланыстыруы керек (мысалы: майлықтарды кезекші, ал тарелкаларды балалар жинайды).

3.7. Тағамдарды тарату кезінде балалардың түстену аймағында болуы қатаң түрде тыйым салынады.

3.8. Тұскі асты беру мен тағамды қабылдау төмендегі тәртіп бойынша жүзеге асырылады:

- үстелді дайындау барысында үстелге тарелкамен нан қойылады;
- III асты құяды;
- ас мәзіріне сәйкес салат салатын ыдысқа салаттар салынады (көкөністерді үлестеп беру);
- бірінші ас беріледі;
- балалар үстелге отырғаннан кейін бірінші салатты жеуден бастайды (көкөністерді үлестеп беру);
- балалар шамасына қарай жеп болғаннан кейін тәрбиешінің көмекшісі салат салынған ыдыстарды алады;
- балалар бірінші асты ішуге кіріседі;
- тамақтанып болғаннан кейін көмекші тарелкаларды үстелдің үстінен алады;
- екінші асты береді;
- үшінші тағамды пайдаланғаннан кейін ас жеу аяқталады.

3.8. Педагог пен балалардың тамақ қабылдауы бір уақытта асырылуы мүмкін.



2.6. Талапты-ас мәзірі ас өзірлейтін бөлікте тамақты дайындау үшін негізгі құжат болып саналады.

2.7. МДМ басшысының келісімісіз бекітілген тарату-ас мәзіріне өзгертулер енгізуге болмайды.

2.8. Ас мәзіріне өзгертулер енгізу қажеттілігі болған жағдайда, уақытылы азық-түлікті өкелмеу, азық-түліктің сапасыз болуы кезінде себебін көрсетумен емдемші немесе медбикемен акт құрастырылады, одан кейін басшысың қолымен бекітіледі. Тарату -ас мәзіріне өзгертулер рұқсат етілмейді.

2.9. Тамақтың сабақтастырының қамтамасыз ету үшін астың толық атауы жазылған және оның шығымы, балалар тағамдарының түрлері туралы ата-аналарды ас мәзірін тарату бөлмесінде, топтағы қабылдау бөлмелерінде ілініп хабардар етеді.

2.10. Күнделікті медбикемен тамақты есептеу журналына енгізумен тамақтанған балалардың есебі жүргізіледі.

2.11. Медициналық қызметкер негізгі тағамды қазандыққа салу кезінде және тағамды шығару кезінде тексеруге міндетті.

2.12. Дайындалған астың көлемі балалар саны мен реттік үлестеп беретін тағамның көлеміне сай болуы керек.

2.13. Дайындалған асты балаларға бермес бұрын медбике астың сыналасын алғаннан кейін және дайындалған астың нәтижесін бракеражды журналға тіркегеннен кейін ғана балаларға беруге болады. Сонымен қоса журналда әрбір астың сыналасының нәтижесі жазылады.

2.14. Гиповитаминдеудің алдын алу мақсатында тарату алдында медицина қызметкери III тағамның С-витаминдеуін жүзеге асырады.

2.15. Топтарға тағамдарды беру қатаң түрде кесте бойынша жүзеге асырылады.

### **3. Топтағы балалардың тамақтануын үйымдастыру**

3.1. Топтағы балалардың тамақтануын үйымдастыру бойынша жұмыс тәрбиешінің жетекшілігімен жүзеге асырылады және тамақты үйымдастыру мен қабылдау кезінде қауіпсіздік жағдайын құру, балалардың тамақтануы кезінде мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру кіреді

3.2. Топтарға тамақты алу МДМ басшысымен бекітілген кесте бойынша қатаң түрде жүзеге асырылады.

3.3. Ас өзірлейтін бөліктен балалардың тамақты алуына қатаң түрде тыйым салынады.

3.4. Балаларға тамақты тарату алдында тәрбиешінің көмекшісі:

- үстелдің үстін сабын қосылған ыстық сумен жууға;
- жақсылап қолын жууға;
- тамақты алуға және таратуға арналған арнайы киімді киүоге;
- бөлмені желдетуге;
- алған тамағына сәйкес үстелдің үстіне заттарды қоюға міндетті.

3.5. Үстелдің үстіне заттарды қоюға З жастан асқан балаларды жұмылдыруға болады.